

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 10 тамыздағы № 136 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 қазандағы № 1204 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелері (бұдан әрі – мемлекеттік мекемелер) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекемелерді орналастыру үшін оларды үй-жайлармен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

4. Орталық және жергілікті атқарушы органдар осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2011

жылғы

25

қазандағы

№

1204

қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.09.2014 № 1011 қаулысымен.**

2. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2005 ж., № 14, 168-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігі туралы ережеде:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі –
Министрлік) – реттелетін салалардағы басшылықты, атап айтқанда агроөнеркәсіптік
кешен, ауыл және балық шаруашылығы, су қорын пайдалану және қорғау, сумен
жабдықтау және су бұру (елді мекендерде орналасқан су шаруашылығы және су бұру
жүйелерінен басқа), өсімдіктер мен жануарлар әлемінің өсімін молайтуды қорғау және
пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау саласындағы, егіншілік,
тұқым шаруашылығы мен астық нарығын реттеу, мақта саласы, өсімдік
шаруашылығында міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау, өсімдіктерді қорғау
және олардың карантині, ветеринария, сусындарды (алкогольді өнімдер мен этил
спиртінен басқа) қоса алғанда, тамақ өнімдерін өндіру бөлігінде өңдеу өнеркәсібін,
агроөнеркәсіптік кешенді техникалық жарақтандыру, мал шаруашылығы, мелиорация,
жерді суландыру және дренаж, ауыл шаруашылығы ғылымы салаларында басшылықты
, сондай-ақ заңнамада көзделген шеңберде өзінің құзыретіне жатқызылған қызмет
саласындағы (бұдан әрі – реттелетін сала) мемлекеттік органдарды салааралық
үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады.»;

12-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) мемлекеттің аграрлық саясатын, реттелетін салалардағы стратегиялық
жоспарларды, мемлекеттік және өзге де бағдарламалар мен жобаларды қалыптастыру;»
;

1 3 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) мемлекеттің реттелетін салалардағы аграрлық саясатын қалыптастырады және
үйлестіреді, стратегиялық жоспарлар, мемлекеттік, салалық және ғылыми-техникалық
бағдарламалар әзірлейді, сондай-ақ ғылыми зерттеулер ұйымдастырады;»;

90) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«90) аумақтық дамытудың өңіраралық схемаларын, қала құрылысын сауда
жоспарлаудың кешенді схемаларын және экологиялық дәліздерге қатысты өзге де қала
құрылысы құжаттамасын келіседі;»;

151) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«151) өз құзыреті шегінде агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы
халықаралық жобаларды іске асырады;»;

1 4 - т а р м а қ т а :

3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін
молайту және пайдалану, өсімдіктер карантині, ветеринариялық-санитарлық бақылауға
тиісті тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға;»;

63), 63-1), 64), 65), 66) тармақшалар алып тасталсын;
67) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«67) ауылдық жерлерде шағын кредит беру мониторингін жүзеге асыру;»;
68), 131), 132), 135), 136) тармақшалар алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 136-1) тармақшамен толықтырылсын:
«136-1) агроөнеркәсіптік кешендегі жастар саясатын іске асыруға қатысу;».

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.09.2014 № 1011 қаулысымен.**

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.09.2014 № 1011 қаулысымен.**

5. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 22, 205-құжат):
көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
т у р а л ы е р е ж е д е :

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Министрліктің негізгі міндеттері бухгалтерлік есепке алуды, бюджеттік есепке алу мен мемлекеттік қаржы статистикасын атқару, жүргізу, республикалық бюджетті және өз құзыреті шегінде жергілікті бюджеттерді, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есебі негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын атқару жөніндегі бюджеттік есептілікті жасау бойынша ұсыныстар әзірлеу, бюджеттік жоспарлау, сондай-ақ салық, кеден, бюджет саясатының негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеуге қатысу, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстау мен аударудың және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды есептеу мен төлеудің толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз ету, өз құзыреті шегінде экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының салық заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету, этил спирті мен алкоголь өнімдерінің өндірісі мен айналымын, темекі бұйымдарының өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу, кеден ісі, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу, бюджеттік кредит беру, республикалық мемлекеттік меншікке иелік ету, үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борышты және мемлекет алдындағы борышты басқару, мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік реттеу, ішкі қаржылық бақылауды, банкроттау рәсімдерінің жүргізілуін бақылауды (банктер мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда) жүзеге асыру, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы қызметті реттеу, аудиторлық қызмет саласындағы реттеу және аудиторлық пен кәсіби ұйымдардың қызметін бақылау, меншіктің мемлекеттік мониторингін жүргізу, заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында қаржы мониторингін жүзеге асыру болып табылады.

»

;

1 1 - т а р м а қ т а :

1), 2) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) бюджеттік жоспарлау, бюджеттің, бухгалтерлік есеп пен бюджеттік есепке алудың, қаржылық және бюджеттік есептіліктің, аудиторлық қызметтің атқарылуы, мемлекеттің қаржы активтерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорында шоғырландырылатын материалдық емес активтерді қоспағанда, өзге мүлікті жинақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, этил спирті мен алкоголь өнімдерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу, темекі бұйымдарының өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы, кеден ісі, республикалық мемлекеттік меншікке иелік ету, үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борышты және мемлекет алдындағы борышты басқару, мемлекеттік сатып алу, банкроттау рәсімдерінің жүргізілуін бақылау (банктер мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда), бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік, меншіктің мемлекеттік мониторингі саласындағы, заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау саласындағы саясатты қалыптастыруға қатысу, Қазақстан Республикасының салық саясатын іске асыруға және кеден ісі саласындағы саясатты жүргізуге қатысу;

2) әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ескере отырып, мемлекеттік және республикалық бюджетке, Ұлттық қорға Бірыңғай бюджеттік сыныптаманың санаттары, сыныптары мен кіші сыныптары бойынша түсетін түсімдерді болжау;»;

«5) мемлекеттік сатып алу, бюджеттік жоспарлау, республикалық және жергілікті бюджеттердің, бухгалтерлік және бюджеттік есепке алудың, ішкі мемлекеттік қаржылық бақылаудың, қаржылық және бюджеттік есептіліктің атқарылуы саласында, кеден ісі, мемлекеттік меншік мониторингі саласында салааралық үйлестіру және әдіснамалық басшылық ету;»;

49), 50) және 50-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«49) республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынға «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 153-бабында көзделген жағдайларда мүлікті иеліктен айыру немесе өзге тәсілмен оған иелік ету жөніндегі мәселелерді к е л і с у ;

50) тиісті саланың уәкілетті органының республикалық заңды тұлғаны қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруын келісу;

50-1) Мемлекеттік мүліктің тізілімін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүргізу және Мемлекеттік мүлік тізілімін пайдаланушыларға а қ п а р а т б е р у ; » ;

50-2) тармақша алынып тасталсын;

50-3), 50-4) және 50-5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«50-3) мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуына бақылауды және республикалық мүлікке қатысты артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай пайдаланылмай тұрған мүлікті алып қоюды үш жылда кемінде бір рет жүзеге асыру;

50-4) мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың сыйға тарту шарты бойынша мүлікке құқықтарын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасының қабылдауы;

50-5) Мемлекеттік мүлік тізіліміне мәліметтерді енгізу жолымен сыйға тарту шарты бойынша құқықтарын мемлекет сатып алған мүліктің есебін жүргізу;»;

50-6) тармақша алынып тасталсын;

50-8), 51), 54), 70, 71) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«50-8) «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 177-бабында белгіленген мәселелер тізбесі бойынша мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер) акционерлерінің (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысушылардың) жалпы жиналыстарында қабылдауға ұсынылатын шешімдердің жобаларын келісу;»;

«51) республикалық заңды тұлғаларға бекітіп берілген негізгі құралдарды қабылдау алу-беру және істен-шығару мәселелерін келісу;»;

«54) республикалық заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру және тарату кезінде бөлу, аралық тарату және тарату теңгерімдерін, сондай-ақ беру актілерін бекіту;»;

«70) Қазақстан Республикасы атынан субъект құқығын, республикалық заңды тұлғаларға қатысты республикалық меншік құқығын жүзеге асыру;

71) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша республикалық мемлекеттік кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсатын, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын республикалық мемлекеттік кәсіпорын түрін (шаруашылық жүргізу құқығындағы немесе қазыналық кәсіпорын) анықтайды және республикалық мемлекеттік кәсіпорын жарғысын, оған өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді б е к і т е д і ; » ;

мынадай мазмұндағы 72-1) және 72-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«72-1) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша республикалық заңды тұлғаға берілген немесе оның жеке шаруашылық қызметі нәтижесінде сатып алған мүлкін алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асыру;

72-2) мемлекеттік мүлікті мақсатты пайдалануға бақылау жүргізу нәтижелері бойынша анықталған артық, пайдаланылмаған не мақсаты бойынша пайдаланылмаған республикалық заңды тұлғалардың мүлкін тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз бақылау жүргізген сәттен бастап алты ай өткен соң алып қоюды жүзеге а с ы р у ; » ;

73), 74) және 75) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«73) таратылған республикалық заңды тұлғаның кредит берушілердің талаптарын

қанағаттандырғаннан кейінгі қалған мүлкін қайта бөлу;

74) шаруашылық жүргізу құқығында қызметін жүзеге асыратын республикалық мемлекеттік кәсіпорынға «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 145-бабында көзделген мәселелерді келісу;

75) республикалық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъектілер меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе ақысыз негізде беру құқығымен мүліктік жалға беруге (жалдауға), сенімді басқаруға беру;»;
мынадай мазмұндағы 75-1) тармақшамен толықтырылсын:

«75-1) республикалық заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүлікті мүліктік жалға беруге (жалдауға) талдау жүргізу;»;

76), 77), 78) және 79) тармақшалар алып тасталсын;
81), 85) және 86) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«81) жекешелендіру шарттарын, нысанын және түрін анықтау, оны жүргізуге дайындықты жүзеге асыру;»;

«85) сатып алушының талап етуі бойынша жекешелендіру объектілерінің жүктемелері туралы, сондай-ақ кредиторлық және дебиторлық берешектің сомасы, егер кәсіпорын мүліктік кешен ретінде жекешелендіру объектісі болып табылса, жекешелендірілетін кәсіпорын жасаған шарттар туралы ақпаратты дайындауды және беруді жүзеге асыру;

86) республикалық меншікті жекешелендіруді жүзеге асыру, оның ішінде республикалық меншікті жекешелендіру туралы шешім қабылдау, объектіні жекешелендіруге дайындау үдерісінде республикалық мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, жекешелендіру үдерісін ұйымдастыру үшін делдал тарту, жекешелендіру объектісін бағалауды қамтамасыз ету, жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шарттарын дайындау мен жасасуды және сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;»;

мынадай мазмұндағы 86-1) тармақшамен толықтырылсын:
«86-1) сатып алу-сату, оның ішінде өз қолданысын тоқтатқан шарттың орындалуына байланысты бақылауды жүзеге асыру кезінде жұмысқа сарапшыларды, сондай-ақ консультациялық, бағалау, аудиторлық және өзге де ұйымдарды тарту.»;

87) және 88) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«87) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, сондай-ақ республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың құрылтайшысы болады;

88) Қазақстан Республикасы қатысатын республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жұмыс істеу мониторингін және оларды басқару тиімділігін ұйымдастыруды жүзеге асыру;»;

89) тармақша алынып тасталсын;

90) және 91) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«90) акционерлік қоғамды (жауапкершілігі шектеулі серіктестікті) басқаруға қатысуға акционер (қатысушы) ретінде мемлекет құқығын Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан жүзеге асырады;

91) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша республикалық меншіктегі акциялардың (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) мемлекеттік пакетіне иелік ету және оларды пайдалану құқықтарын тиісті саланың уәкілетті о р г а н ы н а б е р у ; » ;

мынадай мазмұндағы 91-1) және 91-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«91-1) Қазақстан Республикасына тиесілі акцияларына дивидендтерді есептеудің және оларды төлеудің уақтылығы мен толықтығына, сондай-ақ жарғылық капиталға қатысу үлесі Қазақстан Республикасына тиесілі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің қатысушылары арасындағы таза кірісті бөлуге бақылауды жүзеге а с ы р у ;

91-2) акционерлік қоғамдар орналастырған акцияларды төлеуді және Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес ақшаны енгізу арқылы жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына, сондай-ақ республикалық мүлікті салымды, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жарғылық капиталындағы акцияларды, қатысу үлестерін енгізуді жүзеге асыру;»;

96) және 145) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«96) республикалық мүлік мәселелері жөніндегі мемлекеттің мүдделерін білдіру, Қазақстан Республикасына тиесілі мүліктік құқықтарды қорғауды жүзеге асыру;»;

«145) «Стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес стратегиялық маңызы бар экономика салаларында меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге а с ы р у ; » ;

мынадай мазмұндағы 149-1), 149-2), 149-3), 149-4), 149-5), 149-6), 149-7), 149-8), 149-9), 149-10) және 149-11) тармақшалармен толықтырылсын:

«149-1) республикалық меншіктің мақсатты және тиімді пайдаланылуына б а қ ы л а у д ы жү з е г е а с ы р у ;

149-2) Қазақстан Республикасы жалғыз акционері (қатысушысы) болып табылатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестердің) директорларының тиісті кеңесі (бақылау кеңесі) құрамына өз өкілін тағайындау, ал өзге Қазақстан Республикасы қатысатын акционерлік қоғамдарда және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде акционерлердің немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер қатысушыларының жалпы жиналысында директорлар кеңесіне немесе бақылау кеңесіне к а н д и д а т у р а н ы б е к і т у г е ұ с ы н у ;

149-3) «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-тарауында

белгіленген жағдайлар мен шарттарда мемлекет меншігіне алынатын мүлік үшін өтемді төлеуді жүзеге асыру»;

149-4) мемлекеттік мүліктің тізілімін жүргізу қағидаттарын әзірлеуді жүзеге асыру;

149-5) мемлекеттік мүлік тізіліміндегі мемлекеттік мүлікті бірыңғай есепке алуды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіру мен ұйымдастыруды жүзеге асыру;

149-6) республикалық мүлікті жекешелендіру бойынша сауда-саттық жүргізу туралы хабарламаны жариялау үшін мерзімді баспа басылымдарын айқындау жөніндегі конкурсты «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өткізу;

149-7) ұлттық басқарушы холдингтердің, акционері мемлекет болып табылатын ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингтеу мен бағалау тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп әзірлеуге қатысу;

149-8) мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингтеу мен бағалау тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп әзірлеуге қатысу;

149-9) ұлттық басқарушы холдингтердің, акционері мемлекет болып табылатын ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларын орындау жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп әзірлеуге қатысу;

149-10) мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын орындау жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп әзірлеуге қатысу;

149-11) республикалық мүлікті пайдалануға беру жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыру»; » ;

161), 176), 245) және 246) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«161) кедендік декларациялау мен кедендік бақылауды жүзеге асыру және жетілдіру, сондай-ақ кедендік шекара арқылы тауар айналымын жеделдету бойынша міндеттерді іске асыру»; » ;

«176) Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың тексеру комиссияларына тиісті жоспарлар мен бақылау актілерін хабардар ету үшін жіберу;»;

«245) фискалдық саясаттың басымдықтарын негізге ала отырып, үш жылдық кезеңге арналған мемлекеттік және республикалық бюджеттердің болжамды параметрлерін айқындау бөлігінде Республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын қалыптастыруға қатысу;

246) салық, кеден және бюджет саясатын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге қатысады;»;

мынадай мазмұндағы 249-1) тармақшамен толықтырылсын:

«249-1) ерекшеліктер бөлігінде Республикалық бюджет пен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсімдерді жоспарлау мен ерекшеліктер бойынша және аумақтар бөлігінде ағымдағы болжамдауды жүзеге асыру;»;

251) тармақша мынадай мазмұндағы редакцияда жазылсын:

«251) облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы бойынша уәкілетті органдардың стратегиялық жоспарларының жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын келіседі;»;

мынадай мазмұндағы 251-1) тармақшамен толықтырылсын:

«251-1) стратегиялық жоспарлар жобаларының немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулар жобаларының құрамында республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ұсынған бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштерін олардың стратегиялық мақсаттарға, стратегиялық бағыттардың міндеттеріне өзара байланысы тұрғысынан қарау;»;

256) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 258-1) тармақшамен толықтырылсын:

«258-1) 3 жылдық кезеңге арналған республикалық және облыстық бюджеттердің арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасына жергілікті бюджеттік кірістерін болжамдау;»;

260) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«260) заңнамамен белгіленген тәртіпте техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеуге немесе түзетуге және техникалық-экономикалық негіздемелерге қажетті сараптамалар жүргізуге арналған бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің инвестициялық ұсыныстарын Республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығару үшін қорытындылар қалыптастыру;»;

263), 264) және 265) тармақшалар алып тасталсын;

270) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«270) мемлекеттік бюджет және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекіту жөніндегі Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасын әзірлеуге қатысу;»;

271) тармақша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 272), 273), 274), 275), 276), 277), 278), 279) тармақшалармен толықтырылсын:

«272) жаңа объектілерді құру (салу), бар объектілерді қайта жаңарту кезеңінде бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуы, мониторингін жүзеге асыру;

273) жаңа объектілерді құру (салу), бар объектілерді қайта құру кезеңінде заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың іске асырылуы мониторингін жүзеге асыру;

274) республикалық және жергілікті бюджеттерді жоспарлауды әдіснамалық қамтамасыз ету, сондай-ақ бюджеттік инвестициялар мониторингін әдіснамалық қамтамасыз ету; »;

275) бюджет қаражатын басқаруды бағалау әдістемесін әзірлеу мен бекітуді және оны әдіснамалық сүйемелдеуді, сондай-ақ бюджет қаражатын басқару бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалауды жүзеге асыру;

276) қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенциялар қорытындылары бойынша жұмыс жүргізу;

277) салалық органдармен бірлесіп кәсіпорындарды жүйе құрайтындарға жатқызу өлшемдерін бекіту;

278) Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі бекітетін бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

279) автономды білім беру ұйымдарының, денсаулық сақтау саласындағы ұлттық холдингтің басқару органдарында министрлік өкілдерінің қатысуын қамтамасыз ету.».

6. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.02.2013 № 109 қаулысымен.**

7. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.06.2013 № 608 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 7-тармақтан қараңыз).**

8. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 10 тамыздағы № 136 Жарлығын іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 қыркүйектегі № 1090 қаулысында:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің жаңадан құрылатын аумақтық бөлімшелері – мемлекеттік мекемелерінің тізбесінде:

реттік нөмірі 18-жолы мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Бурабай аудандық аумақтық инспекциясы.»;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 165-1-жолымен толықтырылсын:

«165-1. Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Мұнайлы аудандық аумақтық инспекциясы.»;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің аумақтық бөлімшелері – мемлекеттік мекемелерінің тізбесінде:

реттік нөмірі 18-жолы мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Бурабай аудандық аумақтық инспекциясы.»;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 165-1-жолымен толықтырылсын:
«165-1. Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Мұнайлы аудандық
аумақтық инспекциясы.»;

«Ақмола облысы» деген бөлімдегі реттік нөмірі 18-жол мынадай редакцияда
жазылсын:

«18. Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Бурабай аудандық
аумақтық инспекциясы.».

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

2 5

қ а з а н д а ғ ы

№ 1 2 0 4

қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

Қазақстан Республикасы

Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің құрылатын мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

1. Астана қаласы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау
департаменті.

2. Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және
лицензиялау департаменті.

3. Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және
лицензиялау департаменті.

4. Ақтөбе облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және
лицензиялау департаменті.

5. Алматы облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және
лицензиялау департаменті.

6. Атырау облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және
лицензиялау департаменті.

7. Шығыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және
лицензиялау департаменті.

8. Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және
лицензиялау департаменті.

9. Батыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және
лицензиялау департаменті.

10. Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және
лицензиялау департаменті.

11. Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және

лицензиялау департаменті.

12. Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті.

13. Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті.

14. Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті.

15. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті.

16. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2011 жылғы 25 қазандағы

№ 1204 қаулысына

2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.09.2014 № 1011 қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2011 жылғы 25 қазандағы

№ 1204 қаулысына

3-қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2009 жылдың 15 шілдедегі

№ 1071 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы

Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

1. Астана қаласы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті.

2. Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті.

3. Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және

- лицензиялау департаменті.
4. Ақтөбе облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті.
5. Алматы облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті.
6. Атырау облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті.
7. Шығыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті.
8. Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті.
9. Батыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті.
10. Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті.
11. Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті.
12. Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті.
13. Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті.
14. Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті.
15. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті.
16. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті.